

Тақырып 2. Әлемдік және ұлттық валюталық жүйелер, олардың негізгі элементтері

1. Әлемдік валюталық жүйелер және олардың дамуы
2. Ұлттық валюталық жүйенің ұғымы мен негізгі элементтері

1. Әлемдік валюталық жүйелер және олардың дамуы

- Халықаралық валюталық (ақшалай) қатынастардың мемлекеттік-құқықтық нысаны валюталық жүйені білдіреді.
- **Валюталық жүйе** – бұл ұлттық заңдылықпен немесе мемлекетаралық келісімдермен бекітілген валюталық қатынастарды реттеу және ұйымдастыру формасы.
- Валюталық жүйелер үшке бөлінеді: ұлттық, аймақтық және әлемдік.

- Бірінші әлемдік валюта жүйесі алтын монеталық стандартқа сүйенген.
- Заңды түрде ол 1867 ж. Париждік конференцияда 30 алдыңғы қатарлы елдермен мемлекет аралық келісім негізінде бекітілген.
- **Алтын стандарты** (1880-1914 және 1925-1931) - Әрбір валютаның алтын құрамы болған.
- Валюталардың алтын құрамына сәйкес олардың алтын паритеті қойылды.
- Валюталар алтынға бос түрде конверсияланды.
- Алтын жалпыға бірдей қабылданған әлемдік ақша ретінде қолданылды.

- Бірінші дүниежүзлік соғыс кезіндегі және одан кейін болған валюталық дағдарыс екінші әлемдік валюта жүйесінің құрылуымен аяқталды.
- Ол Генуядағы халықаралық экономикалық конференциядағы мемлекет аралық келісім негізінде бекітілді (1922 ж.).
- Генуэздік валюта жүйесі алтын девиздік стандартқа негізделген.
- XX ғ. 40-шы жж. дейін резервтік конверсияланған валюта статус ресми түрде ешбір валютаға бекітілмеген еді, бірақ англиялық фунт стерлингов пен американдық доллар озаттық үшін өткір бйсеке күрес жүргізді.

- Жаңа валюта жүйесіне көшу қажеттілігі Екінші дүниежүзлік соғыс салдарынан болған әлемдік валюталық дағдарыстан кейін пайда болды.
- АҚШ экономикасы, басқа алдыңғы қатарлы елдердің экономикаларына қарағанда, өркендеу жолында болды.
- Әлсіреген еуропалық экономика АҚШ-тың валюталық экспансиясына қарсы тұра алмады.

- **Бреттон-Вудтық жүйе, (МВФ) ХВҚ** айнала институционды салынған және ол 1946 ж. дан 1973 ж. дейін істеді.
- Жаңа жүйенің принциптері Бреттон-Вудстағы валюта-қаржы конференциясында бекітілді, сол кезде **Халықаралық валюталық қор** құрылды.



Жаңа валюта жүйесінің үш негізгі принциптері белгіленді:

- басында алтын-девиздік стандарт енгізілді, оның негізінде екі валюта қабылданды – АҚШ доллары мен англиялық фунт стерлингов, бірақ кейін фунттың әлсіреуі мен доллардың күшеюінен стандарт нақты түрде алтын-долларлыққа айналды;
- долларға *басты резервтік валюта* статусын тағайындау үшін АҚШ Қазынашылығы шетелдік орталық банктер мен үкіметтік мекемелерге (1944 ж. – 35 долл. 1 трой унцияға) ресми бағамы бойынша долларды алтынға айырбастауды жүргізе берді.
- қойылған паритеттен ауытқу тар коридормен қатал регламент белгіленді ($\pm 1\%$).
- Орталық банктердің міндетіне валюталық интервенцияны жүргізу арқылы осы қойылған коридорды сақтау болды, 10 %-тен жоғары валютаны девальвациялау ХВҚ рұқсатымен жасалды.

- Төртінші әлемдік валюта жүйесі Кингстондағы халықаралық конференцияда ХВҚ мүшелерінің келісімімен бекітілген (Ямайка, қантар 1976 ж.).
- 70-ші жж. алтынның запасы Еуропада шоғырланды. Сол уақытта халықаралық өтімділік мәселелері жетілді, өйткені алтын қазбалары 50 %-ға өсті, ал әлемдік экспорт –2,5 еседен астам.

- Доллардың алтын паритетін сақтау үшін алтын жеткіліксіз болды.
- Осы жылдары АҚШ-тың төлем балансының тапшылығының күрт өсуінен резервтік валюта ретінде долларға деген сенім азая түсті, сонымен қатар Батыс Еуропа мен Жапонияда жаңа қаржы орталықтарының пайда болуынан АҚШ әлемдік қаржыда абсолютті доминант болуын жоғалтты.

- Әлемдік және аймақтық валюта жүйелерінің маңызды элементтеріне келесілер жатады:
- (1) халықаралық төлем және резервтік құрал қызметін орындайтын ақшалардың түрлері;
- (2) халықаралық валюталық өтімділікті мемлекетаралық реттеу;
- (3) валюта бағамының тәртіптерін мемлекетаралық регламентациялау;
- (4) валюталық шектеулер мен валюталық конверсиялану шарттарын мемлекетаралық реттеу;
- (5) валюта мен алтынның әлемдік нарықтарының тәртібі (режим);
- (6) мемлекетаралық валюталық қатынастарды реттейтін халықаралық валюта-несиелік ұйымдар (Халықаралық валюталық қор , Еуропалық орталық банк және т.б.).

2. Ұлттық валюталық жүйенің ұғымы мен негізгі элементтері

- ◎ **Ұлттық валюталық жүйе** – бұл нақты мемлекеттің басқа елдермен ақшалай есеп айырысуларының белгілі реті жүзеге асырылатын әдістер, құралдар және ұлттық органдардың жиынтығы болып табылады.

- Ұлттық және әлемдік валюталық жүйелер арасында аралық элемент болып аймақтық валюталық жүйелер табылады. Олар мемлекеттердің аймақтық интеграциялық топтамаларына қызмет көрсетеді.
- Қазіргі уақытта екі аймақтық валюталық жүйелер белгілі: Европалық валюта-экономикалық одақ және Африканың француз тілді елдерін қамтитын «француз франкі аймағы».

- ◎ **Халықаралық валюталық жүйе** – бұл жеке ұлттық экономикаларды бірыңғай әлемдік шаруашылыққа байланыстыратын механизм.
- ◎ Әлемдік валюталық жүйенің құқықтық негізі халықаралық келісімдер, көпжақты және екі жақты келісімдер және акттер.

- ◎ Валюталық жүйенің негізгі құрылымдық элементтері болып мыналар табылады:
- ◎ валюта және оның сипаттамалары (конвертирлену шарттары, ұлттық валюта паритеті, валюталық курс режимі, халықаралық өтімділік);
- ◎ халықаралық кредиттік қаражаттар айналысын және елдердің халықаралық есеп айырысуларын пайдалануды шектеу;
- ◎ валюталық нарықтар режимі, мемлекетаралық келісімдер және елдердің валюталық қатынастарын реттейтін халықаралық валюта-қаржылық ұйымдар.